

**Төлегенов А.Т.<sup>1</sup>, Шеденова Н.У.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>1 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abyulai.0911@mail.ru

<sup>2</sup>әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторы, доцент,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: nshedenova@gmail.com

**ҮШ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ  
ПІКІР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫҢ ҚОЛДАУЫ МЕН РӨЛІ**

Әлеуметтік ғылым қазіргі қоғамның динамикалық даму процестеріне, интеграциялық және жаһандану құбылыстарына, сонымен қатар әлемдік қауымдастықта халықаралық қатынастардың ұлғаюына байланысты тіл саясаты мәселесіне өте қатты қызығушылық танытуда. Тіл саясаты мәселесі қазақстандық қоғамда ерекше назар аудартады, өйткені тілдік сипаты ерекше әлеуметтік кеңістікте бейнеленеді, бұл қоғамда екі мықты тілдік қауымдастық (қазақ тілі және орыс тілі) қатар бірге өмір сүруде, сол себепті бұл мәселенің мұқият мәнін түсіну керек. Қазақстан Республикасының тіл саясаты политілді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, мемлекеттік тілдің болашақта дамуына және жетілуіне, орыс тілінің функционалдық маңыздылығын сақтауына, Қазақстандағы басқа ұлттардың этникалық тілдерінің дамуына, ағылшын тілін қолдану мен меңгеруіне ерекше назар аударылған. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы қоғамдық өмірінің барлық саласында ағылшын тілі дәріптелуі байқалуда. Зерттеу міндеттері:

– тіл саясатының дамуындағы қоғамдық пікір мен қоғамдық қатынастың рөлін зерттеудегі әлеуметтанулық, социолінгвистикалық, философиялық және басқа әлеуметтік концептуалды тәсілдерін анықтау;

– үш тіл саясатының білім беру және мәдениет салаларында енгізілуінің ерекшеліктерін қарастыру;

– Қазақстандағы тіл саясатының даму деңгейлерін және өзекті мәселелерінің мағынасын сипаттау;

– қазақ тіліндегі интернет-ресурстардың және оның ішіндегі электрондық БАҚ және әлеуметтік желілердің даму тарихының ерекшеліктері мен қиыншылықтарын айқындау.

Зерттеу жұмысының жаңалығы: Үш тіл мәселесі туралы қоғамдық пікірді қазіргі таңдағы зерттеулер жоқтың қасы. Сонымен қатар, адамдардың көпшілігі белгілі бір мәселеге байланысты өз пікірін білдіргісі келсе, интернет кеңістігі арқылы жаза алады, оның ойын көрушілер ауқымы өте кең және де сол пікір арналған адамына тез жетеді. Үш тіл саясатына байланысты интернет-ресурсындағы қоғамдық пікірлерді зерттеулер жоқ. Алайда зерттеу жұмысының жаңалығы үш тіл саясатына байланысты интернет-ресурстардың қоғамдық пікірді контент және критикалық дискурс талдау арқылы зерттеуінде.

Тәжірибелік маңыздылығы: Қазақ тілдің құзыреттілігіне үш тілдік саясаттың әсері және де қазіргі таңда бұл саясат қалай қабылданып жатыр деген сұрақтар туындайды. Осындай сұрақтарға жауап беру мақсатында интернет кеңістіктегі белсенді қолданушылар, олардың ішінде ата-аналар, студенттер, мұғалімдер және т.б. үш тіл саясаты туралы талқылауда. Өйткені бүгінгі күні өз ойын ашық білдіруде интернет жақсы рөл атқарады, сол себепті де үш тілділік қызу талқылануда.

**Түйін сөздер:** қоғамдық пікір, үш тілдік саясат, тілдік саясатқа қоғамның қатынасы, интернет-ресурстар, контент-талдау, критикалық дискурс.

Tolegenov A.T.<sup>1</sup>, Shedenova N.U.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> 1 course master degree student, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: abyulai.0911@mail.ru

<sup>2</sup> doctor of sociology, assistant professor of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nshedenova@gmail.com

### **Public opinion, support and role in the development of the policy of trilingualism**

Sociological science is characterized by a special interest in the problem of linguistic politics, conditioned by the processes of dynamic development of modern society, integration and globalization phenomena, as well as the expansion of interethnic contacts in the world community. Questions of language policy acquire special significance in relation to the realities of Kazakhstani society, where the language picture represents a unique sociological space in which two functionally powerful language communities coexist (Kazakh and Russian), so this problem requires careful reflection. It should be emphasized that the language policy of the Republic of Kazakhstan is aimed at the formation of a multilingual personality, where special attention is paid to the further development and promotion of the state language, preservation of the functional significance of the Russian language, the development of ethnic languages of representatives of other nationalities of Kazakhstan, mastering and using the English language. In this regard, there is a popularization of the English language in all spheres of public life in the Republic of Kazakhstan. The objectives of the research:

- to determine the sociological, sociolinguistic, philosophical and other social conceptual approaches to the research of the role of public opinion and attitude of the society in the development of language policy;
- to consider the features of adoption of the trilingual policy in the spheres of education and culture;
- to characterize the topical problems and stages of language policy in Kazakhstan;
- to reveal the peculiarities and difficulties of developing the Kazakh-language Internet resources, including electronic media and social networks.

Scientific novelty of the research: the diploma work is devoted to sociological study of the process of formation of the attitude of the Kazakhstan society to the trilingual policy introduced by the state in education and culture. Such Internet resources as electronic media and social networks are chosen as an object of the research. It allows to study the discussion of the trilingual policy by the population and formation of public opinion on this issue.

Practical significance: In the work the need of studying the process of formation of the public opinion of the population about the trilingual policy is justified as conditions of its successful realization. On the basis of it recommendations about information policy in the matter are proposed. The necessity of conducting a content analysis and critical discourse analysis as methodologies of sociological research of the formation of the public opinion and in general the attitude of the society to the trilingual policy is proved.

**Key words:** public opinion, trilingual policy, attitude of the society towards the language policy, Internet resources, content analysis, critical discourse.

Төлегенов А.Т.<sup>1</sup>, Шеденова Н.У.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> магистрант 1 курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: abyulai.0911@mail.ru

<sup>2</sup> доктор социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nshedenova@gmail.com

### **Общественное мнение, поддержка и роль в развитии политики трехязычия**

Социологическая наука характеризуется особым интересом к проблеме языковой политике, обусловленной процессами динамического развития современного общества, интеграционными и глобализационными явлениями, а также расширением межнациональных контактов в мировом сообществе. Вопросы языковой политики приобретают особое значение применительно к реалиям казахстанского общества, где языковая картина репрезентирует уникальное социологическое пространство, в котором сосуществуют два функционально мощных языковых сообщества (казахское и русское), вследствие чего данная проблематика требует тщательного осмысления. Необходимо подчеркнуть, что языковая политика Республики Казахстан направлена на формирование полиязычной личности, где особое внимание уделяется дальнейшему развитию и продвижению государственного языка, сохранению функциональной значимости русского языка, развитию этнических языков представителей других национальностей Казахстана, овладению и использованию английского языка. В связи с этим наблюдается популяризация английского языка во всех сферах общественной жизни Республики Казахстан. Задачи исследования:

- определить социологический, социолингвистический, философский и другие социальные концептуальные подходы к исследованию роли общественного мнения и отношения общества в развитии языковой политики;

- рассмотреть особенности внедрения политики трехязычия в сферах образования и культуры;
- охарактеризовать актуальные проблемы и этапы языковой политики Казахстана;
- выявить особенности и сложности развития казахоязычных интернет-ресурсов, включая электронные СМИ и социальные сети.

Научная новизна исследования: работа направлена на социологическое изучение процесса формирования отношения казахстанского общества к политике трехязычия, внедряемой государством в образование и культуру в последний год. В качестве объекта исследования выбраны такие интернет-ресурсы, как электронные СМИ и социальные сети. Это позволяет изучить обсуждение политики трехязычия населением и формирование общественного мнения по данному вопросу.

Практическая значимость: в статье обоснована необходимость изучения процесса формирования общественного мнения населения к политике трехязычия как условия ее успешной реализации. На основании этого предложены рекомендации по информационной политике в данном вопросе. Также обосновывается необходимость использования контент-анализа и критического дискурс-анализа как методологии социологического исследования формирования общественного мнения и в целом отношения общества к политике трехязычия.

**Ключевые слова:** общественное мнение, политика трехязычия, отношение общества к языковой политике, интернет-ресурсы, контент-анализ, критический дискурс.

## Кіріспе

Қазіргі уақыттағы қазақ халқы ғасырлар бойы армандап, қаншама қиындықпен жеткен тәуелсіздігін алды. Қазақ ұлтының туы желбіреп ашық аспанға ілінді. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып негізгі Ата заңымызда белгіленді. Осыған сәйкес Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығына сай «22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдер күні» болып аталып келеді. Осылайша, тіл халықпен бірге дамып, өмір сүреді. Себебі, әр тіл ұлттың бақыты, тірегі және оның даму көрсеткіші. Ұлттық тіл дегеніміз халықтың әр өзіндік парасаты мен ой-санасы, бүкіл сипаттағы болмыс тіршілігі мен сезім-түйсігін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күре тамыр (Назарбаев, 2017: 4-9). Бұл нәрсесіз халық – аты бар, заты жоқ тобыр болады. Қазіргі уақытта өз ана тілін білу, үйренудің қажеттілігі бойынша орасан зор жұмыстар жүргізілуде. Алайда, күні бүгінгі дейін тіл мәселесі өз маңызын және рөлін жоймай келеді. Өз кезегінде Алаш қозғалысының қайраткері Х. Досмұхамедов: «Ана тілін жақсы біле тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру, бұл – зор қате», – деп қазақ тіліне деген зор аландаушылық танытып кеткен болатын.

Ендігі танымал ғалым З. Ахметжанова ұлт зиялыларының өз ана тіліне байланысты ойларын жалғастыра келе: «Тіл жоқ жерде халық біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ана

тіліңе айрықша маңыз беріп, оны қастерлеу – парыз», – деп қазақ халқы тілінің дамып, өркендеуіне және оның жазбаша мәдениетіне, жалпы ұлттың өркендеп, дамуына ерекше мән береді (Ахметжанова, 2012: 472). Ата-бабамыз және үлкен ағаларымыз қозғап кеткен мәселелер бойынша арада біршама уақыт өтсе де, мұңдалап тұрған жайы бар. Алайда тілдің қатынас құрал-жабдығы екендігін ойлап, ескерсек біздің мемлекетте қазақ тілі сол функцияны атқаруы тиіс.

Қазақстан азаматтары бір тілде, яғни мемлекеттік тілде тілдесуі қажет. Ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтатын болсақ, «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халқын ұйымдастырушы фактор болуы керек». Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4 бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп нақты және анық жазылған. Мемлекеттік тіл – еліміздегі барлық ұлтты бір мақсатқа ұйытудың басты кепілі.

## Негізгі бөлім

Қоғамдық қатынас деп екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы әлеуметтік нормаларды басқарып, әрқайсысы олардың әлеуметтік позициясына ие және әлеуметтік рөлді атқаратын әр түрлі байланыстық қатынасты айтады. Әлеуметтанушылардың пікірі бойынша, қоғамдық қатынасты іс-әрекет, тәртіп, әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік тәртіп және әлеуметтік өзара қатынастармен салыстырғанда әлеуметтік құбылыстың жоғарғы формасы деп

санайды. Қоғамдық қатынас қоғамдағы барлық өмірлік тұрмыстық салаларында қалыптасады. Қоғамдық қатынас жеке адам мен топтардың, топтар мен адамдардың арасындағы әлеуметтік топтардың бөлшегі ретінде қалыптасады.

«Қоғамдық қатынас» деген ұғым кең мағынасында қолданылғанымен, ғалымдар бұл ұғым туралы ортақ түсінік бере алмады. Себебі, қоғамдық қатынас ұғымының жиі кездесетін екі түсінігі бар. Біріншісі, қоғамдық қатынас дегеніміз қоғамдық формадағы тарихи қалыптасып қалған белгілі бір адамдардың бір-біріне деген нақты жағдайдағы уақыты мен орнына байланысты қатынасын айтады (Алдабергенова, 2017: 180). Екіншісі, қоғамдық қатынас дегеніміз бұл тұлғаның қалыптасу жағдайы және дамуы, материалдық, өмірлік игіліктер, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етудегі әлеуметтік әділеттігі мен әлеуметтік субъектілердің теңдігі бойынша ажыраудағы немесе бөлінудегі қатынасты айтады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында мәселе үш тіл саясатының қоғамдық қатынасын анықтауда болып табылады.

Қоғамдық пікір дегеніміз, яғни қандайда болмасын пікірлердің қалыптасуы мен заңдылықтарының механизмі мен қызмет етуін айтады. Көптеген ғалымдар қоғамдық пікір деген ұғымға толық теориялық анықтама берген ең алғашқылардың бірі болып француз әлеуметтік психологы Г. Тардтың атымен байланыстырады. Ол қоғамдық пікірдің қалыптасуын адамдар арасындағы пікір алмасу, сенім, қарым-қатынас негізінде пайда болатын еліктеудің психикалық механизмі әрекетімен негіздеді. Қоғамдық пікір туралы теориялық зерттеулер америкалық әлеуметтанушылары А.Л. Лоуэлл мен У. Липман еңбектерінде орын алды. Олар қоғамдық пікірді білдірудің көпшілік пен азшылық формалары көзқарастарының арақатынасымен, қоғамдық пікірдің толық, әрі жетік болар шекараларын, оның әсер ету сферасымен байланысты қоғамдық пікір әлеуметтануының негізгі және маңызды мәселелерін анықтады (Ешимбетова, 2016: 21-25). Лауэлл мен Липман қоғамдық пікірдің өмірлік және әлеуметтік шындықты дұрыс түрде көрсете алмайтын және дағдарысты жағдайларда қателесетін шектеулі мүмкіндіктері болатыны туралы нәтижеге келді.

Қазіргі уақытта жер дүниесі бойынша геосаяси және социомәдени өзгерістердің жоғары динамикасының ауытқушылығымен сипатталады. Осыған байланысты, тіл саясаты мәселесінің өзектілік маңызы жоғарылап, қоғамдағы саяси климатпен тілге, сонымен

қатар, мәдениетаралық және тұлғааралық байланыстарға конструктивті әсер етеді және керісінше деструктивті әсер етуі мүмкін. Тіл саясатының соншалықты өзекті болуының маңыздылығы тек тілдердің мәселесіне байланысты емес, заңдылық бойынша екі тіл немесе көп тілдер жағдайына, полиэтникалық елдердің саяси және әлеуметтік тәжірибелеріне сұраныс жағдайларына да байланысты болады. Сондықтан да, европалық қоғамда ХХІ ғасырда көп тілдер мен мәдениеттердің артықшылықтары мен ерекшелігі тіл саясатының жеке аудандарға және елге бөлінді. Тіл саясаты тілге әсер ету әдістерінен айрықша орынды алады және де оның қызметіне ерекше рөл бөледі.

Тіл саясатының мәселесін зерттеуде қоғам мен тіл арасындағы іс-әрекеттің бейнесін көрсетуде дәстүрлі түрде көптеген ғылым мамандықтары: философия, әлеуметтану, психология, экономика және социолінгвистика жағынан тіл мәселесі бойынша әр түрлі саяси моделдері құрылады (Lanson 2016: 41). Тіл саясатын зерттеуде әлеуметтанушылардың, филологтардың және т.б. ғылымдардың теорияларын жүйелеп талдау арқылы тіл саясатының дамуындағы қоғамдық пікірдің мағынасын түсінуге болады. Сонымен қатар, социолінгвистика бағыты арқылы тіл саясатының және тілдік қатынастың қоғамдық сипатын және олардың қызметтерін білуге көмектеседі.

Бүгінгі таңдағы тіл мәселесінде үш тіл саясаты маңызды орын алады. Кейбір жағдайларда орыс, ағылшын тілдері мәжбүрлеп оқытылып жатқан фактілер де көрініс табуда. Елбасы Н.Ә. Назарбаев тастаған бастама өз шамасынан тыс жүргізіліп жатырғандығы жасырын емес.

Алдымен, қостілділік дегеніміз – «адамның екі тілдің көмегімен қарым-қатынас жасауы» яғни, адамдардың қоғамдық өмірде ана тілімен бірге басқа да шет тілінде сөйлеу құбылысы. Жалпы, қостілділік, көптілділік – әртүрлі этносқа жататын адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды қамтамасыз ету мақсатында ерте замандардан келе жатқан әлеуметтік құбылыс (Молдагулова, 2014: 38). Ғалымдардың анықтауынша, болашақта халықтар арасындағы түрлі байланыстардың ұлғая түсуімен байланысты көп тіл білушіліктің де маңызы арта береді. Қазірдің өзінде-ақ көп тіл білушілердің саны бір тілділерге қарағанда, әлдеқайда көп. Қазір жер шарын мекендеген халықтардың 70 пайызы екі, не одан да көп тілдерді әртүрлі деңгейде меңгерген. Өйт-

кені, қазір біз өмір сүріп отырған жаһандану дәуірі шекараларды білмейтін, көп тілде сөйлейтін заман. Қостілділіктің екі – пайдалы және зиянды жақтары бар. Тағы бір қасиеті бірнеше тілді қолдану барысында оның осы екі жағының бірі ғана жүзеге асады. Сондықтан да, қостілділікті ақ, қарасын ажыратып барып, жүзеге асырудың маңызы зор. Шет тілін үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне еніп, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын ашады. Шет тілінде сөйлеу дегеніміз сол ұлтша ойлауды және өз көзқарастарын білдіру; бұл нәрсенің өзі сол ұлтпен іштей жақындастыра түсетінін білдіреді.

Әлеуметтану, философия, мәдениеттану және филология ғылымдарында тіл мәселесі туралы көрініс тапқан. Фон Гумбольд, Швейцер А.Д., М. Юсселер және т.б. тіл мәселесінің концепциясын қарастырған болатын. Бұл ғалымдардың көпшілігі тілдердің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік фактор ретінде және тілді белгілі бір адамдардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін керек деп қарастырады (Thompson, 2015: 25).

Тіл концепциясында және әлеуметтік-мәдени дамуында бүгінгі күнге дейін аз зерттелген және қоғам дамуының әр кезеңінде қоғамдық пікірді зерттеу өзекті болғанымен, бірақ та ірі батыс әлеуметтанушылары Ж. Тард, В. Бауэр, Г. Лебон, Е. Богардус, В. Стампе, Й. Шумпетер, Дж.Б. Джонсон тілдік қатынастың дамуындағы қоғамдық пікірдің рөлін айқын көрсетіп, арнайы зерттеу еңбектерін шығарған болатын.

Қоғамдық пікірдің әрекет ету аймағын саяси күрес деп марксизм классиктері өз шеңбер аясында ғана шектеп қойды. Жасанды түрде «буржуазды» және «социалистік» деп бөліп, қоғамдық пікірді тек «үстемшілдер» мен «пролетариаттар» ие болады деп көрсеткен болатын.

М.К. Горшков, Ю.Н. Давыдов, В.С. Коробайников, А.К. Уледов, В.Л. Артемов, А.В. Варламов, Н.Г. Ганусов, В.Н. Грушин, В.С. Мансуров, И.Т. Левыкин сияқты ғалымдар тіл дамуындағы қоғамдық пікір мен қоғамдық ойдың маңыздылығына қызығушылықтарын білдірген. Бұл ғалымдардың ғылыми теориялық және эмпирикалық тәжірибелері белгілі бір мағынаны білдіреді. Олар тілдің дамуы кезінде қоғамдық ой мен қоғамдық пікір ажырамас бөлік ретінде қарастырады (Михайлов, 2012: 3).

Бұл мәселе бойынша отандық ғалымдар мен зерттеушілер де қызығушылық танытты. Және де бұл заңдылық, өйткені қоғамдық пікір мен қоғамдық ой әрдайым әлемдегі әлеуметтік

процестерді бағалау критериясының объектісі болған. З.К. Шаукенова, Ж.С. Смагулова, О.С. Ахманова, Ю.Д. Дешериев, Б.Х. Хасанов, Д. Аканова, Е.А. Хасенов, Э.Д. Сулейменова, С.С. Ахметова, Б.И. Ракишева, К.У. Биекенов, Е.Ш. Шаймерденов, М.С. Садырова, С. Садуакастар тіл әлеуметтенуі және тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетінің қалыптасуын қарастырып және де тіл саясатының Қазақстандағы және басқа елдермен салыстырмалы талдау жасау арқылы қоғамдық ой мен қоғамдық пікірдің маңызды орын алатынын атап көрсеткен болатын.

Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі. Тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері екі-үш есеге дейін артады. Өйткені, әр тіл өзінше бір тұтас әлем. Тіл үйрену арқылы адам жаңа бір әлемнің, әлемдік өркениеттің тағы бір ғимаратының есігін ашып, ішіне кіріп, таныса бастайды (Назарбаев, 2017: 12-20). Бірінші кезекте адамның ақпараттық, мәдени және экономикалық кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі. Адам үшін қостілділік – ойын жеткізу, шындықты тану құралы болумен бірге көпұлтты қоғамда қарым-қатынас жасау құралы да; бұл жерде оның негізгі компоненті (ана тілі) ұлттық компонентін сыпаттаса, басқа компоненті (екінші тіл) әртүрлі ұлт өкілдерін тану, басқа халықтардың мәдениеттерін игеру құралы болады.

Қазіргі қоғамның дамуына байланысты адамдардың көпшілігі интернет кеңістікте отырып, өздерінің ой-пікірлерін белгілі бір форумдарда, ақпараттық сайттарда, әлеуметтік желілерде білдіре алады. Осыған байланысты, менің зерттеу жұмысым үш тіл саясаты туралы интернет кеңістіктегі қоғамдық пікір мен ойды зерттеу болып табылады (Государственная программа 2016: 23-26). Зерттеудің өзектілігі қазақ тілдің құзыреттілігіне үш тілдік саясаттың әсері және де қазіргі таңда бұл саясат қалай қабылданып жатыр деген сұрақтар туындайды. Осындай сұрақтарға жауап беру мақсатында интернет кеңістіктегі белсенді қолданушылар, олардың ішінде ата-аналар, студенттер, мұғалімдер және т.б. үш тіл саясаты туралы талқылауда. Өйткені бүгінгі күні өз ойын ашық білдіруде интернет жақсы рөл атқарады, сол себепті де үш тілділік қызу талқылануда.

Қазіргі ғасыр коммуникация ғасыры болып табылғаннан кейін, тіл саясаты аспектісінің ішінен негізгісі болып коммуникативті аспект айрықша орынды алады. Коммуникативті аспект

әр түрлі субъектілердің арасында пайда болатын: ұлттардың, этностілдік топтардың және де мемлекет пен қоғамның арасындағы сұранысты қамтамасыз етеді. Бұл сұранысты қазіргі кезде интернет желісі және әр түрлі әлеуметтік желілер қамтамасыз етіп отыр.

Қоғамдық пікірге мемлекет тарапынан әсер ету эффективті сайман ол мемлекеттік пропаганда және тікелей цензура. Демократиялық құрылымдағы мемлекеттерде қоғамдық пікірді қалыптастыру процестерін анықтаушы рөлді саяси, экономикалық және мәдени алдыңғы масс-медианы элиталардың басқарулары (Концепция развития иноязычного 2016: 85-88). БАҚ-тарындағы хабарламалар механикалық түрде болып жатқанды бейнелемейді, тек белгілі бір әлеуметтік конструктормен көрсетеді. Осы айтылғандар В. Липманға келесі тұжырымға келуге көмектесті, адамдардың шынайылықты түсіну және әлем бейнесін қалыптастыру процесі стереотиптердің әсерінен жүзеге асып, соның негізінде жалпыламай коммуникацияның әсерінен болып өзінің көзқарасы бойынша біріншілік селекция фактілерін тудырып, сонымен қатар сол фактілерді бұрмалайды. Липманның түсінігі бойынша, стереотип – бұл жеңілдетілген, өзінің тәжірибесінен шықпайтын алдын ала қабылданып қойған түсінік. Жалпыламай коммуникация аудиторияның қоршаған орта туралы түсінігін конструктивті түрде көрсетіп, адамдардың санасына тікелей әсер етіп, БАҚ-тың адамдарға шексіз билігі осы жерде көрінеді. Нәтижесінде адамдар өздерінің қабылдауымен «БАҚ-тың көзімен» қабылданғанды қосып, қорытындысында ойлары мен әсерлері өздерінің жеке меншігі ретінде көрсетеді (Жетписбаева, 2017: 46).

П. Лазарсфельдтің жоғарыда айтылған тұжырымдар бойынша ойы орташа позицияны ұстанып, БАҚ-тың билігі адамдарға және олардың пікіріне шексіз жүріп отырады дегенге келіспеді. Оның көзқарасы бойынша, медиа адамдардың сенген идеяларын күшейтті, қоғамдық көшбасшылардың пікіріне әсер ете алды, бірақ қоғамдық пікірді өзгерту үшін қажетті билікті ала алмады. П. Лазарсфельдтің жүргізген эмпирикалық зерттеуінің нәтижесі бойынша жалпылама коммуникацияның қоғамдық пікірдің қалыптасуына әсер етуінің шектеулі екеніне бірқатар жаңалықтар ашқан болатын. Ғалым жалпылама-коммуникативті әсер етудің екі сатылы моделін қалыптастырған, жалпылама коммуникация басым рөлді алмай тұрған кезде жеке тұлғалық индивидтердің әсері болған кезді мысалға келтіреді. Лазарсфельд медианы, яғни

БАҚ-тың қоғамдық пікірді қалыптастыруда аса маңызды рөлді ойнайтынына қажетті дәлелдемелер таппады. Бірақта аудиторияның жартысы дарбазашы рөлінде ақпараттарды бақылап және өздерінің көзқарастарына сәйкес келетіндерді жіберіп отырған. Лазарсфельд осындай адамдарды пікір көшбасшысы, ал оларға ақыл сұрап келгендерді пікірдің ізбасарлары деп атаған.

Жалпылама коммуникацияның қоғамдық пікірге басымды рөл (соның ішінде эмпирикалық зерттеудің нәтижесімен манипуляция жасауы) атқарады деген көзқарасты ұстанатындардың бірі немістің әлеуметтанушысы Э. Ноэль-Нойман. Ол «тыныш шиыршық» концепциясын ойлап тапты. Концепцияның негізі жалпылама және тұлғааралық коммуникациялардың байланысына талдау жасау арқылы, индивидтің өзінің пікірі мен басқалардың пікірлерін салыстыру. Концепцияның мағынасы көптеген адамдар өздерінің пікірін білдірмейді, өйткені шеттетуде қалу қаупінен қорқады (Аязбаева, 2011: 4-8). Жоғарыда айтылған ой көпшіліктің пікірін білдіртпейді, ал өздерін азшылық санайтындар үндемейді. Э. Ноэль-Нойманның ойы бойынша масс-медиа адамдардың бір контексте бақылайтындарына көшіреді, басқасында өздерінің көзқарастарын ашуға итермелейді немесе ол ойынан айнытып, сол уақытқа дейін шиыршық бойының қозғалысында бір көзқарас қоғамдық сахнада көшбасшыға айналғанынша жасырынып қалады. Ал басқасы болса, қоғамдық санадан жойылып кетеді, өйткені оның жақтаушысы үндемеді. Осы процесті «тыныш шиыршық» деп атауға болады. Басқа сөзбен айтқанда шеттетуде қалу қаупінен немесе жалғыздықтан қорқып адамдар өздерінің пікірлерін қоршаған ортадан жасырады, әлеуметтанулық сауалнамаларда өздерінің көзқарастары туралы айтпауға тырысады (Балгазина 2015: 1235-1238). Осыған орай Ноэль-Нойманның пікірі бойынша масс-медианы және алдыңғы қатарлы әлеуметтанулық зерттеу орталықтарын басқаратын билеуші элиталар қоғамдық пікірді қалыптастыра және өздеріне керек бағытта жүргізе алады.

Аталған ғылыми концепцияларды талдау жасау барысында қоғамдық пікірді және ойды қалыптастыру процесі өте қиын және дифференцицияланған және оған әр түрлі факторлар әсер етеді – саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, коммуникативті. Қазіргі таңда қоғамдық пікірдің қалыптасуына көптеген факторлардың өзектілігі әсер етеді, соның ішінде кең таралғаны:

формальды ақпараттар (пікірлер, пайым, идеология);

формальды емес ақпараттар (өсек, жаңылу).

XXI ғасырдың басында қоғамдық пікірді қалыптастыру технологияларының сапасы артады, бұл технологиялардың иегерлері және оны қолданатын адамдар немесе әлеуметтік топтарды құдіреттілерге айналдырады (Даулетбаева 2017: 22-24). Атап өту қажет қоғамдық пікір саналы әрекеттерден көрінбейді, сонымен қатар, санасыз (иррациональды) факторлардан көрінеді. Санасыздан тұратын қоғамдық пікір өзіне интуицияның, инстинктің, санасыз білдірген импульстары, миф, дәстүр, стереотиптер, белгілер және т.б. кіреді. Өсектің негізінде қалыптасқан қоғамдық пікір қайшы және стихиялы болады. Ол жылдам жүреді және қалыптасқан қоғамдық пікір ұзақ өмір сүрмейді. Қоғамдық пікір өсектің әсерінен қарапайым бағалық пайымның формасын алып қоймай, тікелей қатты талаптардың формасын да ала алады. Қоғамдық пікір қандай өсектің әсерінен болғанына қарай бөлінеді. Мұндай қоғамдық пікір тез және қайшы келеді (Джусупов, 2015: 64-71).

Ақпараттық қоғамның даму жағдайында жаһандық желілерге негізделген интернет-ресурстардың көптеген әлеуметтік желілер, блогтар, форумдар, Facebook және т.б. әсері өсіп келеді. Қоғамдық пікірдің қалыптасуына ендігі күні виртуальды және шынайы өмірде мойындалған интернет-ресурстар қолданушыларының бағалары, пікірлері, репостары көбірек әсер етеді. Ерекше тәуекел топқа жастар жатады, олар өздерінің әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік жас ерекшеліктеріне қарай экстремистикалық тенденциялардың әсеріне түседі (Кожевникова, 2012: 116-124). Девиантты экстремистік топтар жастарды өзінің қайталанбастығымен, альтернативтілігімен, өмірлік стилінің агрессивтілігімен тартады және осының барлығы жаһандық компьютерлік интернет желіде жүзеге асады.

Интернет қоғамдық пікірді қалыптастырудағы ортаға қосылуымен бірнеше өзекті мәселелерді көтереді. Т.В. Бондаренканың айтуынша, компьютерлік технологиялар адамды виртуальды шынайылыққа тартады, ондағы шындық, жартылай шындық пен өтірікті бір-бірінен ажырата алмайсыз. Біздің әлем туралы ойларымыз бен пікірлеріміз БАҚ-тың негізінде, телевидение және интернет біздің өмірлік тәжірибемізді басқалардың пікірлерімен алмастырады. Алайда, осының бәрі бірыңғай анық көрінгенімен, шын мәнісінде анонимді құрастырылған пікір.

XXI ғасырдың басы социокommunikативті жағдайы ақпараттық-компьютерлік технологиялар, ақпараттың әлеуметтік рөлінің ұлғаю прогресімен сипатталады. Компьютерлердің технологиялық, телекоммуникациялар мен БАҚ-тардың бірігуінен жергілікті және жаһандық консорциумдар пайда болып және құлдырап жатады. Компьютерлік компаниялар, телефондық желілер, кабельді телестанциялар, спутникті телекөрсетілім қызметтері бәсекелеседі және бірігеді, жаңа нарықта тәуекелді минимальды түрде болдырту үшін (Маликов, 2016: 364-366). Компьютерлердің телекоммуникациялар желісіне қосыла алу мүмкіндігі уақытты азайтып және кеңістікті қысқартып, ұлттық шекаралардың мағынасын кішірейтіп, индивидтерге жаһандық қауымның кейбіреулеріне жалпыламай сезінуіне мүмкіндік береді.

3. Бжезинскийдің анықтауы бойынша біздің өміріміз фрагменттелген сайын, жаһандық ақпараттық шынайылық индивидумді қаттырақ өзіне тарта бастайды және оны кей кездерде басып тастайды (Матис, 2013: 47).

Тіл саясаты – тіл тағдырын белгілейтін мемлекеттік шаралар жүйесі. Ол мазмұн жағынан мемлекеттік саясаттың ұлт мәселесіндегі тілге қатысты жағын білдіреді. Басқаша айтқанда, тілдік даму процесін және оны басқарудың стихиялығына жол бермеуді көздейтін саясат. Тіл саясаты – тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қарым-қатынасты ғылыми негізде басқарудың және тілдік-коммуникативтік құралдарды жасаудың кешенді жүйесі (Назарбаев, 2017: 41-47).

Ал қоғамдық пікір тіл саясатында негізгі қызмет атқаратын басты факторлардың бірі. Қоғамдық пікір – адамдардың әртүрлі мәселелерге, әлеуметтік өмірдің әртүрлі құбылыстарына, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларға көзқарасын білдіретін қоғамдық сананың ерекше күйі. Қоғамдық пікір қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің бұқара халыққа әсер етуінің нәтижесінде немесе әртүрлі дәстүрлер мен өмірлік тәжірибелер негізінде қалыптасады. Ол күнделікті тұрмыста әртүрлі әлеуметтік мекемелердің топтар мен жекелеген адамдардың тілге қатысты іс-әрекеттерін, идеяларын мақұлдау немесе сынау, әртүрлі талаптар мен ұсыныстар білдіру түрінде көрінеді (Алтынбекова, 2015: 38). Қоғамдық пікірдің назарына тіл саясатындағы қоғамдық қызығушылық тудыратын, өзекті маңызымен ерекшеленетін және пікір алысуға мүмкіндік беретін мәселелер, оқиғалар мен фактілер ілінеді. Қоғамдық пі-

кір қоғамдық сананың тілдік көрінісі, себебі қоғамның рухани өмірінің, адам ойында шындықтың бейнеленуінің барлық түрлерін қамтитын қоғамдық болмыстағы философиялық категория. Өйткені, қоғамдық болмыс өзгергеннен кейін қоғамдық пікір де өзгереді. Бірақ қоғамдық пікір белгілі бір мерзімге дейін өзгерген қоғамдық болмысқа сәйкес келмеуі, яғни артта қалуы мүмкін (Ярцев, 2016: 685).

Қоғамдық пікір қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Тілдер туралы Заңымен бірге мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда шешуші рөл атқаратын Қазақстанда тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдардағы арналған «тілдерді қолдану мен дамыту» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан, әзірленген елімізде қалыптасқан тіл құрылысын талдауға негізделіп, тіл мәселелерімен айналысатын сарапшылар қауымының пікірлері мен ұсыныстары негізінде әзірленген.

Зерттеудің мақсаты болып үш тілдік саясаттың дамуындағы қоғамдық пі-

кірдің рөлі және интернет кеңістіктегі оқырмандардың ойларын қазақ және орыс тілді нұсқаларында салыстырмалы талдау жасау. Ақпараттық сайттардың қазақ және орыс тілді нұсқаларындағы «үш тіл саясаты» туралы хабарламалар мен мақалаларды алып және сол сайттардың оқырмандарының ойлары мен пікірлерін алдым. Жиналған мәліметтерге контент-талдау және критикалық дискурс талдау әдістерін қолдандым. Зерттеу жұмысымның нәтижесі бойынша CounterZero интернет статистикасына сүйене отырып, Қазақстандағы ең танымал алты ақпараттық сайт алынды ([www.nur.kz](http://www.nur.kz), [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz), [www.ratel.kz](http://www.ratel.kz), [www.365info.kz](http://www.365info.kz), [www.informburo.kz](http://www.informburo.kz), [www.caravan.kz](http://www.caravan.kz)). Талдау бірлігі мақалалар және олардың сандық-сапалық сипаттамалары алынды. Мақалалар білім беру жүйесіне үш тіл саясатын енгізу тақырыптары бойынша ақпараттық сайттардағы барлық мақалалар 2018 жылы 1 қаңтар мен 30 наурыз айлары аралығында алынды. Жалпы іріктеу жиынтығы 50 мақаланы құрады.

#### 1-кесте. Ақпараттық сайттарды қарап шығу және қолданушылардың саны

	Қолданушылардың саны	Қарап шығу саны
1. nur.kz	2033163	18523925
2. tengrinews.kz	1768626	17738635
3. 365info.kz	528167	1820065
4. informburo.kz	346224	1817625
5. caravan.kz	268804	757705
6. ratel.kz	153784	827902

Контент-талдау барысында сәуір айында [www.nur.kz](http://www.nur.kz) сайтының қазақ тіліндегі нұсқасында «үш тіл» тақырыбына байланысты жеті мақала жарыққа шыққан. Мамыр мен маусым айларында төрт мақаладан шығып отырған. Яғни үш тіл тақырыбы сәуір айында қызу талқыға түскен болатын. Ал тамыз және қыркүйек айларында үш тіл мәселесі оқу жылы басталғанда аса маңызды болмаған. Сонымен қатар, осы сайттың орыс тілді нұсқасында да сәуір айында маңызды және өзекті мәселелердің бірі болатын. [www.tengrinews.kz](http://www.tengrinews.kz) сайтының қазақша тілінде сәуір айында төрт мақала шықты, ал орыс тіліндегі нұсқасында мамыр айында

бес мақала жарыққа шыққан. [www.informburo.kz](http://www.informburo.kz) сайтында тамыз айында бес мақала шықса, ал қалған айларда екі немесе үш мақаладан шығып отырған (Результаты социопроса 2016: 14-23).

Ақпараттық сайттарда «үш тіл саясаты» бойынша мақалаларды сайттың жеке материалы және басқа интернет-сайттардан алынған ақпараттар деп бөлуге болады. Төмендегі кестеден көріп отырғанымыздай, тек [www.caravan.kz](http://www.caravan.kz) сайты ғана басқа интернет сайттарынан алынған ақпараттарына сілтеме көрсетіп, мақаланы жариялайды. Ал қалған сайттар жариялаған мақалаларының жарты-



сынан көбісін өзінің жеке материалы деп айтуға еш күмән келтіргізбейді.

Контент талдау барысында мақалаларға пікір қалдыру және қарап шығу көрсеткіші тіркелді. www.nur.kz сайтынан басқа сайттарда қарап шығу көрсеткіші белгіленген. Есептеу бойынша, бір мақаланы кем дегенде (минимум) үш рет қарайды екен. Ал максимум үш тіл бойынша 35903 рет қарап шыққан екен. Оның үлесі www.tenginews.kz сайтына тиесілі.

Талдау барысында білім беру жүйесінде билингвизмнен трилингвизмге өту басталып кеткенін көруге болады (Huntington 2016: 149-156). Осылайша, Қазақстанда трилингвизмнің дамуына әсер ететін база қоғамның қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жақсы білу сұранысынан пайда болды. Алайда, тілдерді жоспарлауда келесіні ескеру қажет. Қазақстан Республикасында екі тіл әр түрлі жастағы тұрғындардың және ұлт өкілдері арасында табиғи процес ретінде жүреді, ал трилингвизм құбылысы тілдік өзгерістерге «жоғарыдағылардың» орнатуы ретінде жүреді.

Ақпараттық сайттарда қазақ тілі нұсқасында үш тілді енгізу процесіне сайтты қолданушылардың көбісі қарсы шыққан болатын. Үш тілді енгізудегі қиыншылықтар ретінде қолданушылар үш себепті көрсетеді: Біріншісі кадрлардың, яғни мұғалімдердің аздығы және олардың дайындықтарының төмендігін, екіншіден, ата-аналарға қиындық келуі және де үшіншісі, үш тілде оқытудың әдіснамалық негіздерінің жоқтығын көрсетеді. Қазақ тілі және орыс тіліндегі сайттың нұсқаларын салыстыра отырып үш тіл саясатын енгізуде асығыс шешім қабылдамау керектігін айтады (Thompson, 2016: 91-94).

Қазақ және орыс тілді оқырмандардың үш тіл саясатын қолдайтындарына салыстырмалы талдау барысында жаһандану процесінде ағылшын тілінің маңыздылығын, балалардың ағылшын тілін үйрену арқылы болашақтарына кепілдік беретінін, тілдерді үйрену арқылы ғылымның дамуына әсер етуінде ортақ пікірлерге келетінін белгілеп айта кету керек. Ал үш тіл саясатына қазақ және орыс тілді нұсқаларындағы қарсы пікірлерге талдау жасау барысында ешқандай айырмашылық жоқ, өйткені екі тілде де айтатын қорқыныштары мен күмәндарының барлығы бірдей болып шықты. Сонымен қатар қазақ тілді нұсқаларында тек ғана қазақша пікірлер жазылған жоқ, сонымен қатар орыс тілінде де пікірлер жазылған (Межуев 2015: 110-118). Және де бұл орыс тіліндегі нұсқаларында да

байқалады. Қазақ тіліндегі материалдарды орыс тілді адамдар да оқып өз ойын білдіре алады және де керісінше, яғни орыс тіліндегі материалдарды қазақ тілді оқырмандар оқып өз ойын қазақ тілінде білдіріп қалдыра береді.

Осылайша, қазақ және орыс тілді оқырмандар білім беру жүйесіндегі үш тілді енгізу саясаты бойынша өз пікірлерінде ешқандай айырмашылық жоқ.

Үш тіл мәселесі бойынша әлеуметтік желілерде, соның ішінде facebook желісінде екі тілде, яғни қазақ және орыс тілді қолданушылар тарапынан сынға ұшырап, талқыға салынған болатын. Yvision.kz блогында 23 маусым 2016 жылы facebook желісіндегі Қазақстанның 50 танымал блогерлерінің тізімі жарияланған болатын. Солардың ішінен үш тіл мәселесін қозғағандардың хабарламаларының немесе посттарының пікірлеріне критикалық дискурс талдау жасалынды (Смирнов, 2015: 30-52). Үш тіл мәселесін көбінесе Айдос Сарым, Мұрат Абенов, Ерлан Қарин, Расул Жұмалы, Гульнар Бажкенова, Мұхтар Тажин, Асқар Жұмаділдаев facebook желісінде талқыға салып отырады.

Facebook желісінде бірнеше қарап шығу саны және лайк саны бойынша бес пікір алынды. Автор Гульнур Джуматаеваның үш тіл туралы ойы: *«Жалпылама, осы үш тіл мәселесі деп ой көтеріп жатырмыз ғой. Дәліне келсек, қазақ халқындай дана халық жоқ шығар әлемде... Ата-бабамыз араб тілін де, кейін орыс тілін, ал енді ағылшын тілін меңгеріп жатырмыз. Бұл үлкен жетістік және дамудың бірден-бір жолы – тіл арқылы елді бағындыру. Біз егер, әр елдің тілдерін меңгеріп, олардың мәдениеті мен тарихын, түпкісін зерттеу арқылы ең керемет жетістіктерге қол жеткізетінімізге сенімдімін. Шынында да, біз байқасаңыз өте, өте икемді халық екенбіз, мүмкін көшпенді ел болғандығымыздан ба екен деймін. Көптеген басқа адамдарға тіл үйрену үлкен бір қасірет болып жатса, бізге он- оңай болып жатыр. Кейбір ағаларымыз қорқып жатыр, тіліміз жойылып кетпесін деп, бірақ одан қорқудың қажеті жоқ. Біздің рухымыз жоғары, біз ерекшеміз. Және де өз иегімізді білеміз. Арнайы бір белдемге жеткенде мүмкін қытай, жапон тілдерін де үйренерміз. Осылайша, барлық ел бізге бауыр болып кететін секілді ғой өзі... Бір қызығы – әлемде рекорд жасап, әлі елу тілде сөйлеуіміз мүмкін болашақта...»* (Джуматаева, 2017: 28).

Яғни бұл жерде қазақ халқының төзімділігін айта кетіп, тарихқа сүйеніп қазақ халқының бірнеше тілдерде сөйлегенін айқын көрсетіп, үй-

ренген тілдердің мәдениет және олардың тарихын зерттеп белгілі бір үлкен жетістіктерге жететініне сенім білдірді. Және де қазақ халқын басқа ұлт өкілдерімен салыстырып, қазақтардың қаншалықты икемді екенін айқындап отыр. Қорытындысында қазақтар бір емес немесе үш тілде емес, елу тілде сөйлейтініне сенімін білдірді (Тишков, 2013: 400).

Ерболат Орынбасарұлының пікірі: *«Біздің өзіміздің элиталар мен кәсіпкерлер кінәлі. Осыны көріп тыныш отырған өзіміз кінәліміз»* (Орынбасарұлы, 2017: 43). Үш тіл саясатын енгізіп және оны жүзеге асырғызып жатқан нақты бір элиталар мен кәсіпкерлерді кінәлап және де әлеуметтік желідегі адамдарды бостанбос отырмай іс-әрекет жасауларына шақырып отыр. Бұл қадам қоғамда болып жатқан үш тіл саясатына тікелей тұрғысынан қарсы дегенді білдіреді.

Самат Бітімханның пікірі: *«Біз кешіктік бір жылға. Алдыңғы жылы жер мәселесімен бірге көтеру керек еді. Сосын билікке әсері мықты болар еді. Ұлт болып қалыптасу үшін жер де, тіл де бірдей қажет қой. Алайда, әлі де кеш емес...»* (Бітімхан, 2017: 78). Алаңдаушылығын білдіру мақсатында бір жылға кешіккендігін айтып, қазіргі кезде қарсы шыққанның өзінде белгілі бір әсер болмайтынын атап отыр және де жер мәселесімен байланыстырып, ұлт болып қалу үшін жер де, тіл де бір екенін ескерте отырып, барлық мәселелер талқыға салынып, нақты бір шешімге келуін айтады. Алайда, нәтижесінде әлі де кеш еместігін алға тартып, бұл процеске толығымен қарсы екенін білдіріп отыр.

Ruza Weisenbai Tegi-нің пікірі: *«осындағы кейбір пікірлермен келіспеймін: пәндерді ағылшынша оқытып – үйретуді кейінге қалдыру керек, қашан мұғалімдер ағылшын тілін жақсы үйренеді дегендермен. Ешқашан кейінге емес, ешуақытқа қалдырмауымыз керек. Қазақ ғылымын дамытпасақ, ғылымсыз, қоғамда пайдаланбайтын тіл өшеді деген сөз тәуелсіз ел болудан қаламыз! Сонымен қатар, біз де, қазақ халқы ретінде өшеміз! Осыған сәйкес, қаржыны қазақ ғылымын дамытуға бұруымыз керек.»* (Бейсенбай, 2016: 99). Бұл пікірінде қазіргі уақытта, тез белгілі бір шешім қабылдасасақ артта қаламыз және де кейінге қалдырудың ешқандай себебі жоқ екенін көрсетіп, бар ақшаны қазақтың ғылымына бөлу керектігін атап, үш тіл саясатына оң көзқараспен қарайтынын ашық және анық көрсетіп отыр (Wieviorka, 2016: 881-910).

Жасұлан Түлкібаев: *«Елбасы «Тілдердің үш тұғырлылығы» деген рухани-мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды айтып, бізге ұсынып отыр. Бұл айтылған идеяның негізі мынада болып тұр: Бүкіл әлем халқы Қазақстанды үш тілді бірдей және еркін пайдаланатын жоғарғы білімді мемлекет ретінде танып, мойындауы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық және әлемдік экономикаға жоспардай кірігу тілі ретінде болу керек. Яғни, мемлекеттік тілді, қазақ тілін дамытып, жетілдіреміз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін жетік меңгеріп, үйренеміз. Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, халықаралық деңгейге көтерілуіміз керек деген ойды білдіреді»* (Тулкібаев, 2017: 272). Бұл пікірде үш тілді білетін мемлекет ретінде танылу керек екенін атап көрсетіп, үш тіл саясатының кезең-кезеңмен жүзеге асып келе жатқанын және әлемдік деңгейде мемлекеттің мәртебесін үш тіл арқасында көтерлетінін айтады.

### Қорытынды

Білім беру саласында үш тіл саясатын қарапайым тұрғындарға түсіндіруде электрондық БАҚ жақсы және тиімді жұмыс істеді. Электрондық БАҚ-тағы «үш тіл саясаты» тақырыбына байланысты ақпараттық хабарламалар, талқылаулар алты ақпараттық сайттардан алынып контент-талдау жасалып және сол сайттардағы оқырмандардың ойлары мен пікірлеріне критикалық дискурс талдау жасалған болатын. Үш тіл саясатына байланысты ақпараттық сайттардағы хабарламалар мен талқылауларға білім беру жүйесіндегі талдау жасау барысында желі қолданушыларының тіл саясатына байланысты үлкен қызығушылығы байқалды және үш тіл саясатын білім беру жүйесінде енгізуде қиыншылық мәселелері анықталды. Контент-талдау барысында ақпараттық түсіндіру жұмыстарының динамикасы 2016 жылы сәуір айынан кейін төмендеген болатын. Бірақта, электрондық БАҚ тұрғындар арасында осы мәселе бойынша өте маңызды диалогтік кеңістікке айналған болатын.

Осы мәселе бойынша мынандай ұсыныстар айтылады. Білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар және т.б. жауапты ұйымдардың, тұрғындардың үш тіл саясатына қатысты оң пікірде болуына әсер ету үшін ақпараттың активті динамикасын жоғарылату керек. Бұл

азаматтардың білім беру саласындағы тіл саясаты және үш тілділік реформасына дайындығын және ақпараттандырудың деңгейін көтеруге өз септігін тигізеді. Осыған орай немесе бұл мәселеге байланысты тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасында белгілі бір нақты дәрежеде байланыс орнауы керек. Яғни, мемлекет тұрғындардың пі-

кірін естіп, сол мәселе немесе басқа да өзекті мәселелер бойынша ортақ шешімге келуіне позитивті ықпалын тигізеді. Және де осыған байланысты, үш тілді енгізуде ауылдық жерлердің ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл жағдайда ауылдық жерлердің мектептері қала мектептерінен төмен және бәсекелестік бола алмай қалуы мүмкін.

### Әдебиеттер

- Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. – №33. – 2017.- с. 4-9.
- Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы, 2012. – 472 с.
- Алдабергенова Г. Д. Явление билингвизма в перспективе исследования. В книге «Язык: система, функционирование». – Алматы, 2017. – 180 с.
- Ешимбетова З.Б., Демеуова А.М. Казахское «трехязычие» – уникальная формула языковой политики // Инновации в науке: сб. ст. по матер. XI междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2016. – с. 21-25.
- Lanson T. A Short History of Language. – Oxford University Press, 2016. – 41 с.
- Молдагулова Т.Е. – Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО (Электронный ресурс) – [http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-view/news/multilingualism\\_a\\_key\\_to\\_inclusive\\_education/#.VNbyXufqCJU](http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-view/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU), - Париж, 2014.-38 с.
- Thompson F.H. Teaching and Learning: Towards the Learning Society // European Commission's White Paper, 2015 Brussels: The European Union, 2015 – 25 p.
- Михайлов М. М. Двужычие. – Чебоксары, 2012. – 3 с.
- Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – №218-219. – 2017.- с. 12-20.
- Государственная программа функционирования языков в Республике Казахстан на 2001-2010 гг. // Казахстанская правда. – №47-48. – 2016. – с. 23-26.
- Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. (Электронный ресурс) – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>. – с. 20 – 22.
- Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. – Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, – 2016. – (Электронный ресурс) – <http://freeref.ru/wiev-job.php?id=8721752006>. – с. 85 – 88.
- Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования: Автореф. дис. д-ра пед. наук. – Караганда, 2017. – 46 с.
- Жетписбаева Б.А., Аязбаева С.С. Лингводидактический аспект учебно-методических комплексов в полиязычном образовании // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика, -№ 2 (62). – 2011. – с. 4-8.
- Балгазина Б. С. Полиязычное образование: перспективы и риски // Успехи современного естествознания. – № 1-7. – 2015.- с. 1235-1238.
- Даулетбаева Д. Т. Формирование поликультурной личности посредством полиязычного образования // Молодой ученый. – № 10 (144). – 2017. – с. 22-24.
- Джусупов М. Школьное полиязычное образование в Казахстане (тюркско-русское, тюркско-английское, тюркско-русско-английское) // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. – №5.-2015. – с. 64-71.
- Кожевникова О. В. Полиязычное образование в многонациональном регионе (на примере Республики Казахстан) // Образование и межнациональные отношения. Ижевск: УдГУ, 2012. – с. 116-124.
- Маликов Л. А. Полиязычие как основа формирования поликультурной личности // Научный альманах. – № 5-2 (19). – 2016. – с. 364-366.
- Матис В. И. Теория и практика развития национальной школы в поликультурном обществе: автореф. дисс.д. пед.наук Барнаул, 2013. – 47 с.
- Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. – № 33(25278). – 2017. – с.41-47.
- Алтынбекова Н.С. Образование в многоязычном мире установочный документ ЮНЕСКО(Электронный ресурс) [http://www.unesco.org/new/ru/mediaservices/singleview/news/multilingualism\\_a\\_key\\_to\\_inclusive\\_education](http://www.unesco.org/new/ru/mediaservices/singleview/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education). – Париж, 2015. – 38 с.
- Ярцев В.Н. Языкознание. Большой энциклопедический словарь. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2016. – 685 с.
- Результаты социопроса «Оценка удовлетворённости населения реформами в сфере образования», Астана: АО «ИАЦ», ЦИОМ, 2016. – с.14-23.
- Huntington S. The Hispanic challenge // Foreign policy. 2016. – pp. 149 – 156.

Thompson J.B. Tradition and Self in a Mediated World // *Detraditionalization. Critical Reflections on Authority and Identity* / Ed. by P. Helas. S. Lashand P. Morris. Cambridge (Mass.); Oxford, 2016. -pp. 91-94.

Межуев В.М. Проблема современности в контексте модернизации и глобализации // *Полития*, 2015. – № 3. -с.110-118.

Смирнов А.Н. Этничность и культурный плюрализм в контексте государственной политики. – *Полис. Политические исследования*, 2015. – № 4. – с. 30-52.

Джуматаева Г.Т. Структура социологического обеспечения управления системой социальной защиты детей // *Психология Социология Политология*. – 2017. - №4. – 28 с.

Тишков В.А. Полиэтническое общество и государство: понимание и управление культурным разнообразием. – *Кризис мультикультурализма и проблемы национальной политики* (под ред. М.Б. Погребинского, А.К. Толпыго). – М.: Вест Мир, 2013. – 400 с.

Орынбасарұлы Е.А. «Социологический анализ реализации политики государственного языка в Казахстане» // *ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы*. – 2017- №2 – 43 с.

Бітімхан С.Н. Адаптация к деятельности в процессе социализации индивида // *Социальная педагогика: проблемы и перспективы*: Межвуз. сб. науч. тр. / Калинингр. ун-т. – Калининград, 2017. – 78 с.

Бисенбай Р. Язык: законодательство и практика. – Алматы: Дом печати АТATEК, 2016. – 99 с.

Wieviorka M. Is Multiculturalism the Solution? – *Ethnic and Racial Studies*. – New-York, 2016. -№21(5). pp.881-910.

Тулкибаев В.А. Социальная педагогика. – М.: Владос, 2017. – 272 с.

## References

Axmetzhanova Z. (2012) *Yazyk V Socialnom, Kulturnom I Kommunikativnom Kontekste* [Language in a social, cultural and communicative context]. Almaty, 472 p.

Altynbekova N.S. (2015) *Obrazovanie v mnogoyazychnom mire ustanovochnyi dokument Unesco* [Education in the multilingual world, the UNE-SCO installation document] (Electronic resource) [http://www.unesco.org/new/en/mediaservices/singleiew/news/multilingualism\\_a\\_key\\_to\\_inclusive\\_education](http://www.unesco.org/new/en/mediaservices/singleiew/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education). – Paris, 38 p.

Aldabergenova G.D. (2017) *Yavlenie bilingvizma v perspektive issledovaniya*. v knige «Yazyk: Sistema, Funkcionirovanie» [The phenomenon of bilingualism in the perspective of research. In the book «Language: system, functioning»]. Almaty, 180 p.

Bitimkhan S.N. (2017) *Adaptatsiya k deyatel'nosti v protsessesotsializatsii individa* [Adaptation to activities in the process of socialization of the individual]. *Social Pedagogy: Problems and Perspectives: Interuniversity. Sat. sci. tr./ University of Kaliningrad*. Kaliningrad, 78 p.

Bisenbai R. (2016) *Yazyk: zakonodatel'svoipraktika* [Language: Legislation and Practice] (2013). Almaty: Dom pechati ATATEK, 99 p.

Eshimbetova Z.B., Demeuova A.M. (2016) *Kazakhtanskoe «Trekhyazychie» — unikalnaya formula yazykovoipolitiki* [Kazakh «trilingual» is a unique formula of language policy] // *Innovation in science: Sb. St. Po Mater. XII International science.-prakt. konf. vol. 2.* – Novosibirsk: Sibak, pp. 21-25.

Balgazina B. S. (2015) *Poliyazychnoe obrazovanie: perspektivy i riski* [Polylingual Education: Prospects and Risks] // *Advances in Modern Natural Science*. – № 1-7. pp. 1235-1238.

Dauletbaeva D. T. (2017) *Formirovanie polikulturnoj lichnosti posredstvom poliyazychnogo obrazovaniya* [The formation of a multicultural personality through a multilingual education] // *Young Scientist*. – № 10 (144). pp. 22-24.

Dzhusupov M. (2015) *Shkolnoe poliyazychnoe obrazovanie v Kazakhstane* (Tyurksko-Russkoe, Tyurksko-Anglijskoe, Tyurksko-Russko-Anglijskoe) [School multilingual education in Kazakhstan (Turkic-Russian, Turkic-English, Turkic-Russian-English)] // *Bulletin of the Russian University of Peoples' Friendship. Series: Education issues: languages and specialty*. №5. pp. 64-71.

Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya Respubliki Kazakhstan na 2011-2020 gody [State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020] // *Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of December 7, 2010 № 1118*. (Electronic resource)- <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>. – pp. 20 – 22.

Dzhumataeva G.T. (2017) *Strukturasotsiologicheskogo obespecheniya upravleniya sistemoy sotsial'noy zashchity detey* [Structure of sociological support of the system of social protection of children]. *Psychology Sociology Politology*, 4, 28 p.

Huntington S. (2016) *The Hispanic Challenge* // *Foreign Policy*. pp. 149 – 156.

Koncepciya razvitiya inoyazychnogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan [Concept of the development of foreign

Kozhevnikova O.V. (2012) *Poliyazychnoe obrazovanie v mnogonacionalnom regione* (naprimere Respubliki Kazakhstan) [Polylingual education in a multinational region (on the example of the Republic of Kazakhstan)] // *Education and interethnic relations*. Izhevsk: Udgu, pp. 116-124. «Әлқайыпқұндығиңғұң, ұғи, ұғи,...»

language education in the Republic of Kazakhstan], Almaty: Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan, 2016. – (Electronic resource) – <http://freeref.ru/wiejob.php?id=8721752006>. – pp. 85 – 88.

Lanson T. A (2016) *Short History Of Language*. – Oxford Umvemty Press, 41 p.

Mezhuev V.M. (2015) *Problema sovremenosti v kontekste modernizatsyi i globalizatsyi* [The Problem of Modernity in the Context of Modernization and Globalization] // *Politia*, № 3. – pp.110-118.

Malikov L. A. (2016) *Poliyazychie kak osnova formirovaniya polikulturnoi lichnosti* [Polyazy as a basis for the formation of a multicultural personality] // *Scientific almanakh*. № 5-2 (19). pp. 364-366.

Matis V. I. (2013) *Teoriya i praktika razvitiya nacionalnoi shkoly v polikulturnom obshchestve*: avtoref. Diss.D. Ped.Nauk Bar-naul, [Theory and practice of the development of the national school in a multicultural society: Abstract of thesis. diss. pedagogical

sciences Barnaul], 47 p. Moldagulova T.E. (2014) *Obrazovanie v Mnogoyazychnom mire: Ustanovochnyi dokument Unesco* [Education in the Multilingual World: UNESCO Outline Document] (Electronresurs) [http://Www.Unesco.Org/New/Ru/MediaServices/Singlelew/News/Multilingualism\\_A\\_Key\\_To\\_Inclusive\\_Education/#.Vnbyxufqju](http://Www.Unesco.Org/New/Ru/MediaServices/Singlelew/News/Multilingualism_A_Key_To_Inclusive_Education/#.Vnbyxufqju), - Parizh, 38 p.

Mixailov M. M. (2012) *Dvuyazychie* [Bilingualism]. Cheboksary, 3 p.

Nazarbaev N.A. (2017) *Novyi Kazakhstan v Novom Mire* [New Kazakhstan in the New World] // *The Kazakh truth*. №33, pp. 4-9.

Nazarbaev N.A. (2017) *Socialnaya Modernizaciya Kazakhstana: Dvadcat Shagov kobshhestvu vseobshhego truda* [Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps to the Society of General Labor] // *The Kazakh truth*. – №218-219. pp. 12-20.

Nazarbaev N. A. (2017) *Novyi Kazakhstan v novom mire* [New Kazakhstan in the New World] // *The Kazakh truth*. – № 33 (25278), pp.41-47.

Orynbasaruly A.E. (2017) *Sotsiologicheskiy analiz realizatsii politiki gosudarstvennogo yazyka v Kazakhstane* [Sociological analysis of the implementation of the policy of state social support for families with children in Kazakhstan]. *KazNU Bulletin, Psychology and sociology series*, 2, 43 p.

*Rezultaty socoprosta «otsenka udovletvoryonnosti naseleniya reformami v sfere obrazovaniya»* [Results of the social survey «Assessment of people's satisfaction with education reforms»], Astana: IAC JSC, CIOM, 2016. – pp.14-23.

Smirnov A.N. (2015) *Etnichnost i kulturnyi plyuralizm v kontekste gosudarstvennoi politiki* [Ethnicity and cultural pluralism in the context of public policy]. – *The policy. Political Studies*, No. 4. – pp. 30-52.

Thompson F.H. (2015) *Teaching And Learning: Towards The Learning Society* // *European Commission's White Paper*, 2015 Brussels: The European Union, 25 p.

Tishkov V.A. (2013) *Polietnicheskoe obshchestvo i gosudarstvo: ponimanie i upravlenie kulturnym raznoobraziem* [Polyethnic society and the state: understanding and management of cultural diversity]. – *The crisis of multiculturalism and the problems of national politics* (edited by MB Pogrebinsky, A.K. Tolpygo). M.: The World, 400 p.

Tulkibaev V.A. (2017) *Sotsial'nayapedagogika* [Social pedagogy]. Vlados, 272 p.

Yarcev V.N. (2016) *Yazykoznanie. Bolshoj enciklopedicheskiy slovar*. – 2-E Izd. [Great encyclopedic dictionary] – Moscow: *The Great Russian Encyclopedia*, 685 p.

Wieviorka M. (2016) *Is Multiculturalism The Solution? – Ethnic And Racial Studies*. – New-York, -№ 21(5). pp.881-910.

Zhetpisbaeva B.A. (2017) *Teoretiko-metodologicheskie osnovy poliyazychnogo obrazovaniya: Avtoref. Dis. D-Ra Ped. Nauk* [Theoretical and methodological foundations of a multilingual education: Author's abstract. dis. Dr. ped. sciences], Karaganda, 46 p.

Zhetpisbaeva B.A., Ayazbaeva S.S. (2011) *Lingvodidakticheskie aspekt uchebno-metodicheskix kompleksov vpolyazychnom obrazovanii* [Lingvodidactic aspect of educational-methodical complexes in the multilingual education] // *Bulletin, Karaganda. Un-Ta. Ser. Pedagogica*, – № 2 (62), pp. 4-8